



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор, Ерхожина Ш.Л.
Магистрант: Айтқазина Тоғжан Болатбекқызы

Сулейман Демирель Университеті

Педагогикалық және Гуманитарлық ғылымдар факультеті

Аңдатпа

Мақалада мақалада қазақ тілін оқытуда Блум таксономиясын қолданудың тиімділігі талқыланады. Қазақ тілін оқытуда мұғалімнің білім мен дағдылар қалыптастырып, жас буынның ой-өрісін дамытып, функционалды сауатты оқушыларды тәрбиелеп шығаруда және қазақ тілін оқытуда Блум таксономиясын барынша тиімді пайдаланудың әдістік қолданыстары мен ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Блум таксономиясының білім беру процессіндегі, соның ішінде қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылады.

Түйін сөздер: Блум таксономиясы, ойлау деңгейлері, білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау, қазақ тілін оқыту әдістемесі.

Аннотация

В статье обсуждается эффективность использования таксономии Блума в обучении казахскому языку. Рассматриваются особенности и практические методы наиболее эффективного использования таксономии Блума в формировании знаний и навыков, развитии мышления молодого поколения, воспитании функционально грамотных учеников в обучении казахскому языку. Предложены методы и приемы таксономии Блума в образовательном процессе, в том числе в обучении казахскому языку.

Ключевые слова: Таксономия Блума, уровни мышления, знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценка, методика преподавания казахского языка.

Abstract

The article discusses the effectiveness of using Bloom's taxonomy in teaching the Kazakh language. The article considers the features and practical methods of the most effective use of Bloom's taxonomy in the formation of knowledge and skills, the development of thinking of the younger generation, the education of functionally literate students in teaching the Kazakh

language. The methods and techniques of Bloom's taxonomy in the educational process, including in teaching the Kazakh language, are proposed.

Keywords: Bloom's taxonomy, levels of Bloom's taxonomy, knowledge, comprehension, application, analysis, synthesis, evaluation, methods of teaching the Kazakh language.

Заман талабына сәйкес білім беру парадигмасына көптеген өзгерістер енуде. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа білім беру парадигмасына сәйкес педагогтер бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты, сыни ойлауға қабілетті, берілген ақпаратты біліп қана қоймай, ары қарай игеріп, талдау жасай алатын, бағалай білетін күзінретті жеке тұлға тәрбиелеп шығуы керек. Оқу үрдісінің, педагогтің негізгі мақсаттары – білім алушының білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Шығармашылық қабілеттері жақсы дамыған, таным әрекеті белсенді, сыни тұрғыдан ойлай білетін буын оқытып шығару үшін білім жүйесіне Блум таксономиясын енгізу қажет. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» стратегиясы жолдауында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, көрсетілгендей қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға дағдылану, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Ол Қазақстан республикасы жарияланған білім беру басымдылығына, «жалпыға білім беру» моделін «әр адамға таңдау бойынша білім беру» моделіне көшуге негізделгенде жүзеге асады [1].

Блум таксономиясы – сын тұрғысынан ойлауды қарастыратын, ойлау дағдылары кеңінен қолданылатын иерархиялық модель. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру [2]. Блум жүйесі арқылы уақытты тиімді пайдалануға және сапалы білім мен оқушылардың өзін-өзі бағалауға қол жеткізуіне жағдай жасай аламыз.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. 1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті *Оқу мақсаттарының таксономисын* әзірлеп шығарды [3].

Блум таксономиясының сабақ мазмұнын меңгертудегі мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Жалпы алғанда, таксономия (грекше. taxis – орналасу, құрылыс, тәртіп және nomos – заң). Таксономия – олардың иерархиясын (белігілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттелігін) құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу [2].

Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының негізгі категориялары:

- 1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау. Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтап, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Блум танымдық салада алты деңгейді бөлді, атап айтқанда ол ең төменгі деңгей ретінде фактілерді қарапайым қабылдау мен танудан бастап анағұрлым күрделі және абстрактілі психикалық деңгейлерге қарай жылжып отырып, ең күрделісі бағалау деп жіктеді [4].

Білу - таным мен ойлау деңгейінің төменгі деңгейі. Бұл деңгей мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Мысалы, грамматикалық ережелерді әр сабақ сайын қайталап отыру немесе өткен сабақты еске түсіру. Түсіну – таным мен ойлау деңгейінің орта деңгейі. Жаңа материалдағы білімді түсінгенін анықтау үшін, диалогтық байланыс жасау. Оқушылардың ойларын өзгеше түрде сұрау, болжам жасату. Жаңа материалды түсінуін қамтамасыз ету. Жаңа сабақ түсіндіріліп болғаннан кейін оқушылардың қалай

меңгергендігін анықтау кезеңі. Қолдану – таным мен ойлау деңгейінің орта деңгейі. Бұл деңгей оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан өмірде қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді. Талдау – таным мен ойлау деңгейінің жоғарғы деңгейі. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл деңгей оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Жинақтау – таным мен ойлау деңгейінің жоғарғы деңгейі. Оқу материалындағы жеке бөлшектерден немесе шашылған дүниелерден жаңа жасауға көмектесу. Жалқыдан жалпыға бағыттау. Ойын жинақтап, проблеманы шешудің өзіндік үлгісін жасайды. Бағалау – таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғыларының оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді. Материалдың өзі үшін керектісін, құндылығын анықтау, пайымдауға бағыт беру, идеялар алмасу, өзіне керектісін таңдау [5].

Блум таксономиясы бойынша педагог сабақты ұйымдастыруда оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау көрсетуі керек. Блум таксономиясы адамның ақыл- ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерістің ең қарапайым деңгейі «білуден» бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытушы оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағыттайды. Қазақ тілі сабағында сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада

белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдалана алады. Педагог бұдан кейінгі іс-әрекеттерін жоспарлап, бағамдайды. Ал өз кезегінде оқушы бойында ішкі уәж туып, өз қабілеттеріне сенім артады. Білім алушы жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне жағдай жасалады.

Ж.Аймауытов «Білімдендіруді жүзеге асыратын — мұғалім» деген екен. Ендеше, мұғалім оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады.

Жалпы өз іс-тәжірибемде байқағанымдай, оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру — іс-әрекеттер барысында оқушының ізденімпаздығы, бейімділігі, жаңа нәрсені жасауда қажеттіліктердің пайда болуы арқылы дамиды.

Сөз етіліп отырған деңгейлерге сәйкес танымдық үрдістің мақсаттары бірте-бірте күрделенетіндігі заңдылық. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы оқушының білім деңгейі артып, шығармашылығы шыңдалады. Шығармашылық жұмыстарды орындағанда оқушылар өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелеу өнімді тәсілдермен жүзеге асады. Ол өнімді деңгей деп аталады. Өнімді, шығармашылық деңгей — анализ/талдау/, синтез /жинақтау/, баға. Блум таксономиясының ұтымдылығы да сол, ол оқушыларды шығармашылық деңгейге жетелеуімен ерекшеленеді.

Ұстаз шығарманы түсініп оқудың, сонымен қатар, оқушының жалпы тілдік мәдениетін, тілдік құбылыстардың ерекшеліктерін толықтай меңгеріп, ана тілін өз халқының әдебиетін жетік түсінуге, суреткердің өзіндік шеберлігін тануға жол ашады.

Мәтіндердің көркемдік ерекшелігіне, сөз өрнегіне, суреткердің шеберлігіне, стиліне ерекше тоқталған орынды. Оқушыларды мәтіндердің мазмұнына терең бойлату үшін шығармашылық оқу, шығармашылық тапсырманы беру әдісі ұтымды. Оқушы неғұрлым көп білсе, ал сұрақ-тапсырмалар мәтінге үңілдірер, қызықтырар, ынталандырар сипатта болса, соғұрлым оқушының көркем шығарманы қабылдауы арта түспек. Бұл жұмыстың негізгі мәселесі-мұғалімнің оқушыларды өзіндік ізденіске жетелеуі. Сонымен қатар баланың қиялына, фантазиясына ерік беру керек.

Блум таксономиясы — иерархиялы модель деп сипаттадық. Блум таксономиясындағы ойлау деңгейлері қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымына сәйкес келеді. Ахмет Байтұрсынұлының ұсынған бұл ұстанымы қазіргі білім беру жүйесінің негізі деп айта аламыз. А. Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақша оқу жайында» атты мақаласында «Бұлардың бәрі де балаларды қинамай оңай оқытуға керек нәрселер. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытуға ықыластанбақшы» деген пікір айтады [6]. Білім алушылар үшін қазақ тілі күрделі әрі қиын пән болып көрінбеу керек. Ойлаудың білу деңгейінен біртіндеп күрделене түсу керек. Бекіту, сынақ, шығармашылық тапсырмалар деңгейлік сипатта болуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар негізінде тұлғаның өз ісіне мақсат қоя отырып, оны іске асыру үшін әртүрлі жағдайлардағы проблемаларды анықтап, жауапты шешім қабылдап, өз шешімінің нәтижесін бағалай алу біліктілігі және эвристикалық, ізденушілік әдістерге негізделген шығармашылық зерттеу мәселелерін шеше алу қабілеттілігі дамитынын ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды құрастыруда жәрдемдесетін сұрақтарды Блум таксономиясының алты деңгейіне жіктеп, кестеге салып көрсеттік.

Кесте 1.

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
Білу және түсіну	Не? Кім? Қашан? не тұспалданады? басқаша қалай түсіндіруге болады? бұл үлгі болып табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?
Қолдану	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? ... қандай жағдайларда?
Талдау	Неге? Қалай? себебі неде? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ...себебі қандай? ...бір-бірімен қалай үйлеседі?
Жинақтау	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?
Бағалау (Идеялардың не заттық нәрселердің құндылығы жайлы пікір қалыптастыру)	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті? Бұл ең тиімді шешім бе?

Білу	Қай жылы болды? Қайда болды? Қалай болды? Ережесін жазыңыз. Атап көрсетіңіз.	1-2 ұпай
Түсіну	Сөйлемді аяқтаңыз. Не білдіңіз? Неліктен? Сөйлемді өзгертіңіз. Өзара байланысын түсіндіріңіз. Өз сөзіңізбен айтыңыз.	3-4 ұпай
Қолдану	Бірнеше тәсілмен шешіңіз. Құбылыстың негізін түсіндіріңіз. Жорамалды тексеріңіз. Қорытынды жасаңыз.	5-6 ұпай
Талдау	Құрылымы қандай? Топтастырыңыз. Салдары не? Салыстырыңыз. Бөліктерге бөліңіз. Себебін талдаңыз.	7-8 ұпай
Жинақтау	Өз шешеміңізді көрсетіңіз. Алгоритм ұсыныңыз. Баламасын табыңыз. Бөліктерден құраңыз. Жүйелеңіз. Зерттеңіз.	9-10 ұпай
Білімді бағалау	Қосынды ойды бағалаңыз. Жетістіктерін атаңыз. Өлшемдерін көрсетіңіз. Сәйкестігі қандай? Қаншалықты дұрыс? Өз ойыңыз?	11-12 ұпай

Осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

- 1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (**синтез**) немесе жиылыңқы әдіс деп аталады.
- 2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (**анализ**) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде **қосу да, талдау** да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн. [6]

Қорыта айтқанда, әрбір оқытушы сабақ өткізген кезде оқушыларға, студенттерге сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың, студенттердің қызығушылығы арта түсері анық. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор. Сабақ барысында, жалпы сабақ жоспарын Блум таксономиясы негізінде дайындау барысында ескерілуі тиіс:

1. Бір – бірінің, өзінің іс-әрекетіне талдау жасауға, бағалатуға дағдыландыру қажет;
2. Өздерінің нәтижесін көре білуге, оны бағалай білуге дағдыландыру тиіс;
3. Тез, әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту;
4. Алған білімдерін пайдалана отырып, жаңа қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030» Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауатының артуы». Алматы: Дәуір, 1997.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББ, 2015.-24 б
3. Есмұқан М.Е. «Студенттердің танысдық ізденімпаздығын қалыптастыру», Алматы, 2004 ж.
4. (Bloom,B.S. 1956. Taxonomy of Educational Objectives, Handbook I: The Cognitive Domain. New York: David McKay Co Inc.).
5. Сабыров Т.С. «Оқыту теориясының негіздері», Алматы, 2000 ж.
6. Ұлттың ұлы ұстазы:Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады/ Құраст. В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 б, - «Ұлы тұлғалар» ғылыми биографиялық серия.